

**ДАМУ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ  
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
2024 ЖЫЛДА ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫСЫ  
ТУРАЛЫ ЕСЕП**

**DaK**  
ORTALYGY  
**DaK**

# ДАМУ & КОММУНИКАЦИЯ ОРТАЛЫҒЫ

Даму және коммуникация орталығы Әл-Фараби атындағы кітапхананың ақпараттық кеңістікте болуын қамтамасыз етеді.



**Шығанбаева Жұлдыз  
Аскербековна**  
Бас кітапханашы - менеджер



**Асанова Айсұлу  
Бейбітқызы**  
Бас кітапханашы - менеджер



**Жайлаубаев Абзал  
Рысбекұлы**  
Даму және коммуникация  
орталығының жетекшісі



**Мұратбекова Балжан  
Мейрамғазықызы**  
Кітапханашы - менеджер

# КІТАП КӨРМЕСІ

2024 жылы Даму және коммуникация орталығы көптеген іс-шараларға кітап көрмесін жасады. Солардың арасында еліміз бен университетіміздің атаулы күндері мен мерейтойларына арналған іс-шараларға кітап көрмелерін ұйымдастырды:

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығын мерекелеудің салтанатты ашылуы;
- FARAB оқырмандар клубының салтанатты ашылуы;
- Түркітанушылардың II Халықаралық конгресі;
- Қазақстан мен Ресейдің Жоғары оқу орындары ректорларының II форумы;
- Әл-фараби және түркі халықтарының рухани дәстүрлері;
- Еуразия мен Үндістан индологиясының бүгіні мен болашағы;
- Университет кітапханалары үшін ИРБИС мектебі;
- «Аманжолов оқулары – 2024» I халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы;
- «SENAT OPEN» шахмат турнирінің жартылай финалы;
- «QS Higher Education pre-Summit: Asia Pacific 2024» пре-саммиті;
- Тұрар Рысқұловтың 130 жылдығына арналған «XXI ғасырдағы Түркістан идеясы» атты республикалық ғылыми конференция;
- «Баспа ісіндегі заманауи үрдістер және авторлық құқық менеджменті» тақырыбындағы Франкфурт кітап жермеңкесі және т.б.

Бір жыл ішінде әл-Фараби кітапханасында барлығы 130 - дан астам түрлі деңгейдегі іс-шаралар өткізілді.

Жалпы алғанда университетаралық, республикааралық, халықаралық, атаулы күндерге және мерейтойларға 87 кітап көрмесі жасалып, оларға 12631 адам қатысып, жалпы саны 6864 кітап, газет-журналдар қойылды.

Сонымен қатар Әл-Фараби сайтында кітапханамызға жаңа түскен кітаптарға, атаулы күндерге, мерейтойларға арналған 16 виртуалды кітап көрмесі салынды.



# СЕМИНАРЛАР МЕН ВЕБИНАРЛАР

Жазылымды дерекқорлар бойынша семинарлар мен вебинарлар

Бүгінгі таңда Әл-Фараби кітапханасында 15 жазылымды дерекқордың материалдары тұрақты негізде қолжетімді: ScienceDirect, SkiVal, IEEE, SoftBooks, EBSCOhost, Цифровая библиотека IPR SMART, E-UNL.KZ сандық кітапханасы, Әр Prof білім беру, ЖОО-ға арналған оқу әдебиеті орталығы, NQRT баспасының электрондық кітапханасы, «Медициналық әдебиет» электронды кітапханасы, осылардың ішінде ұлттық жазылым бойынша – Scopus, Web of Science, Wiley, Сондай-ақ қол жеткізілген уағдаластық аясында бізге әр түрлі қорлар мен ақпараттық ресурстарға тестілік қолжетімділік мерзімі бір аптадан бірнеше айға дейін беріледі. Тестілік қолжетімділік – бұл дерекқорлар материалдарының шектеулі мерзімге тегін берілуі.

Оқу жылдың ішінде Даму және коммуникация орталығының ұйымдастыруымен жазылымды және тестілік деректер қорлары бойынша Әл-Фараби кітапханасының пайдаланушыларына 153 вебинар, 8 семинар өткізіліп, оларға жалпы саны 3752 адам қатысқан. Деректер қорлары туралы 75 онлайн, 340 офлайн консультация берілді.



# КІТАПХАНА ЖОБАЛАРЫ



- «Librarians day» атты байқау. Кітапханашылар күніне орай Әл-Фараби атындағы кітапхана оқырмандары арасында «Librarians day» Кітап. Кітапхана. Кітапханашы. атты байқау ұйымдастырды.

Адамзаттың дамуын кітапсыз елестету мүмкін емес. 21 ғасыр цифрландыру дәуірі десек те, кітап – сол ұшан теңіз білімнің негізгі қайнары болып қала береді. Кітап – алтын қазына. Кітапхана сол қазынаны сақтайтын алтын сандық. Кітапханашы – кітап пен оқырманның арасын жалғаған алтын көпір. Баға жетпес байлықты хаттап, сақтап отырған мамандық иесі. Осы айтулы мерекенің қарсаңында оқырмандар Оқырмандардың арасында Кітап. Кітапхана. Кітапханашы. тақырыбында байқау ұйымдастырылды.

- «Күйзеліссіз сессия. Stress relief» жобасы. Емтихандық сессия кезінде күйзелістік жағдайлардың алдын алу және студенттерге барынша жан-жақты психологиялық көмек беру, рухани қолдау көрсету мақсатында Әл-Фараби атындағы кітапханада 2024 жылдың 13-26 мамыры аралығында өткен бұл жоба аясында студенттерге емтихан арасында бой сергітіп, демалудың көптеген түрлері ұсынылды.

- «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы. Халықаралық кітап сыйлау күніне орай 2024 ж.15-16 ақпанда Әл-Фараби атындағы кітапханада «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті. Бұл акция кітап қорын толықтыру, университет ғалымдарының еңбектерімен таныстырып жастарға кітап оқуды насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

- «FARAB» оқырмандар клубы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында Әл-Фараби кітапханасының бастамасымен және Әлеуметтік даму және жастармен жұмыс департаментінің қолдауымен оқырмандардың «FARAB» әдеби-танымдық клубы ашылды. «FARAB» клубы Әл-Фараби атындағы кітапхана жанындағы студенттік қоғамдық бірлестік болып табылады.

# КІТАПХАНА ЖОБАЛАРЫ

«FARAB» оқырмандар клубының мақсаты – оқырмандардың кітапқа, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен таныстырып, студент жастар бойында әдеби талғам, оқу мәдениетін қалыптастыру.

- «KitarQuest» интеллектуалды сайысы. Әл-Фараби кітапханасында 19 ақпанда «Кітапханашылар күніне» арнайы ұйымдастырылды. Квестке қатысушы студенттер ақпаратты іздеуге, кітапхананы шарлауға және кітапхана ресурстарын пайдалануға байланысты бірқатар тапсырмаларды орындауға міндетті командаларға бөлінеді. Бұл кітапхананың функционалдығын көрсетіп қана қоймай, қатысушылардың қолда бар ресурстар туралы білімдерін арттыруға мүмкіндік береді.

Университет студенттері арасында нағыз зияткерлік сайыс болды. Студенттердің бес командасы, әрқайсысы 5 адамнан, нағыз интеллектуалды ізденісте бақ сынасты. Командалар түстерге бөлініп, сол түске сәйкес кітапхананың әртүрлі бұрышында жасырылған карточкаларды іздеді.

Квест басқатырғыштар мен тапсырмаларға толы болды, бұл — қатысушылардың білімдері мен стратегиялық сыни ойлау қабілеттерін және командада жұмыс жасау деңгейлерін көрсетті. Ойынның ортасында олар көп сатылы тапсырмалары бар арнайы бөлмеге кірді. Кезеңдегі барлық тапсырмаларды сәтті аяқтағаннан кейін ғана олар картада жасырылған келесі аймаққа көшті.

Бұл сайыс логика, тапқырлық және командалық жұмыстың айқын бейнесі көрсетілді.

Даму және коммуникация орталығы жалпы саны 5 жоба өткізіп оған 687 адам қатысты.



# ЭКСКУРСИЯЛАР

2024 жылында бірінші курс студенттеріне, университетте өткен іс-шаралардың қатысушыларына, басқа университеттен келген қонақтарға – жалпы саны 6848 адамға Әл-Фараби атындағы кітапхана ішіне және Әл-Фараби музейіне 182 экскурсия жүргізілді.

## **Кітапхана вебсайтына толықтырулар мен өзгерістер**

Университетіміздің кітапханада өткен іс-шараларын Әл-Фараби кітапханасының сайтындағы жаңалық бөліміне салып және сайттағы толықтырулар мен өзгертулердің 124-і жасалып оның 102-сі аударылды.

## **Әл-Фараби кітапханасының әлеуметтік желідегі ақтарылған қызметтер**

Әл-Фараби кітапханасы әлеуметтік желі арқылы оқырмандармен өзара байланысын қамтамасыз етіп, қажетті ақпаратпен бөлісіп отыратын интернет сайт.

Даму және коммуникация орталығы кітапхананың әлеуметтік желідегі Instagram парақшасына 740 фото және видео ақпараттар салынып 77581 мың қаралым жинаған. Facebook парақшасына 55 фото және видео ақпарат салынып 5230 қаралым жинаған. YouTube парақшасына осы оқу жыл ішінде 6 видео ақпарат салынып 250 қаралым жинаған.



# БАЙЛАНЫС

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми кітапханасы 1934 жылы университетпен бір уақытта ашылды. Ректордың 2014 жылғы 26 маусымдағы № 281 бұйрығы негізінде ғылыми кітапхананың атауы «Әл-Фараби атындағы кітапхана» болып өзгертілді.

## **Әл-Фараби атындағы кітапхананың миссиясы:**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқыту, ғылыми зерттеулер мен инновацияларды алға жылжытып, дамып келе жатқан ақпараттық ортаны құру және қолдау. Білім алуға, сақтауға және дүниежүзілік ғылыми коммуникацияның дамуына ықпал ететін қызметтер, стратегиялар және жүйелер саласында озық болуға ұмтылу.

Ақпараттық сауаттылықты насихаттау.

Әрбір адамның заманауи және серпінді атмосферада мәдени өсуіне ықпал ету.

Тәжірибе байыту және мүмкіндіктерді кеңейту.



+ 7 (727) 377 33 33 (ішкі абонент нөмірін немесе 1702)



library@kaznu.kz



Алматы, әл-Фараби даңғылы 71, Корпус 7, 050040